

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ**  
**СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**

**2019 жылғы 4 шілде**

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы Д.Н. НАЗАРБАЕВА жүргізді.

ТӨРАҒА. Сәлеметсіздер ме, құрметті әріптестер мен шақырылған Үкімет мүшелері, лауазым иелері! Сенаттың кезекті отырысын бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 40 депутат. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Күн тәртібі бойынша дауыс берейік. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 41, «жақтағандар» – 41, «қарсылар» – жоқ. Шешім қабылданды, күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, Шымкент қаласынан Айгүл Жарылқасынқызы Қапбарова Сенат депутаты болып сайланып, қатарымызға қосылды. Айгүл оңтүстіктен келген әдемі қазақтың келіншегі.

**ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.**

ТӨРАҒА. Әйел азаматты жіберіңіздер деген менің ұсынысымды қабылдаған әкімшілікке, мәслихатқа көп рақмет айтамыз.

Айгүл Жарылқасынқызын құттықтаймыз, депутаттық қызметіне табыс тілейміз.

Жаңадан сайланған депутат белгіленген тәртіп бойынша Палата отырысында ант береді. Сондықтан ант беру рәсіміне көшейік.

Ант беру үшін мінбеге Айгүл Жарылқасынқызы Қапбарова шақырылады.

ҚАПБАРОВА А.Ж. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, депутаттың өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін!

**ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.**

ТӨРАҒА. Ант беру рәсімі аяқталды, жаңадан сайланған әріптесіміз берген антқа адал болады деп сенім білдіреміз. Құттықтаймыз сізді.

Құрметті сенаторлар, енді жаңадан сайланған депутатты Сенаттың тұрақты комитетінің құрамына сайлау туралы мәселені қарастырамыз. Сенатор Айгүл

Жарылқасынқызы Қапбарова Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің құрамында қызмет етуге өтініш жасады. Келісеміз бе?

ОРНЫНАН. Келісеміз.

ТӨРАҒА. Онда Айгүл Жарылқасынқызы Қапбарованы Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің құрамына сайлау туралы Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 41, «жақтағандар» – 41. Қаулы қабылданды.

Айгүл Жарылқасынқызы, комитет жұмысына өз үлесіңізді қосасыз деген сенімдеміз.

Құрметті сенаторлар, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «2019 – 2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Алдымен Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің, Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк Төрағасының баяндамаларын тындап, содан кейін сұрақтар мен жауаптарға көшсек, келісесіздер ме?

ОРНЫНАН. Келісеміз.

ТӨРАҒА. Онда бірінші сөз еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму болжамы бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Руслан Ерболатұлы Дәленовке беріледі.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті депутаттар! 2019 жылға арналған елдің әлеуметтік-экономикалық даму болжамының параметрлері бұрынғы деңгейінде сақталған және өзгермейді.

2019 жылға болжамды базалық талаптары:

мұнай бағасы – барреліне 55 АҚШ доллары;

жылдық инфляцияның нысаналы дәлізі – 4-6 пайыз;

жалпы ішкі өнімнің өсуі – 3,8 пайыз.

2019 жылы номиналды жалпы ішкі өнім 64,3 триллион теңге көлемінде болжанады.

Экономика салаларының даму қарқыны болжанатын өсу шегінде қалады:

өнеркәсіпте – 1,6 пайыз;

ауыл шаруашылығында – 6,2 пайыз;

құрылыста – 3,7 пайыз;

саудада – 4,3 пайыз.

Экспорт 54,4 миллиард АҚШ доллары, импорт 32,9 миллиард АҚШ доллары көлемінде болжанады.

2019 жылға арналған республикалық бюджеттің негізгі параметрлері ағымдағы жылдың сәуірінде нақтыланған көлемде сақталған:

түсімдері – 10,6 триллион теңге;

шығыстары – 11,9 триллион теңге;

тапшылық – 1,4 триллион теңге немесе жалпы ішкі өнімнің 2,1 пайызы.

Бұл ретте бюджетті нақтылау шеңберінде Ұлттық қордан нысаналы трансферттерді қайта бөлу ұсынылады.

370 миллиард теңгеден 300 миллиард теңгені әлеуметтік шараларды күшейтуге, тұтынушылық кредиттер бойынша халықтың борышын төмендетуге, сондай-ақ Үкіметтің резервін ұлғайтуға жіберу ұсынылады.

Сонымен 2019 жылға республикалық бюджетті нақтылау кезінде экономика өсуінің болжамы, бюджет кірістері мен шығыстарының жалпы көлемі және тапшылығы өзгермейді.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

«2019 – 2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі келесі сөз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қаржы министрі Әлихан Асханұлы Смайыловқа беріледі.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға өзекті әлеуметтік мәселелерді шешу туралы Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыруды қарастыратын 2019 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау жобасы ұсынылып отыр.

Заң жобасы 2019 жылға арналған елдің әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштерін сақтауды ескере отырып қалыптастырылды.

Республикалық бюджеттің негізгі параметрлері өзгеріссіз қалады.

Президенттің тапсырмаларын іске асыруды қаржылық қамтамасыз ету Тікелей инвестициялар қорын құруға көзделген қаражаттың бір бөлігін қайта бөлу есебінен жүзеге асырылатын болады.

Бюджеттің шығыс бөлігін нақтылау үш бағыт бойынша жүзеге асырылды.

Бірінші бағыт – халықтың тұтынушылық кредиттері бойынша борыш жүктемесін азайту. Өмірлік қиын жағдайда қалған азаматтар санатына жатқызылған әрбір қарыз алушы үшін тікелей және атаулы қаржылық көмек ретінде мемлекет 300 мың теңгеге дейінгі жалпы мөлшерде негізгі борышты және ол бойынша есептелген сыйақыны өтейді. Осы мақсаттарға жоба 89,2 миллиард теңге сомасында шығыстарды қарастырып отыр.

Екінші бағыт – жұмыспен қамту, аз қамтылған, көп балалы отбасылар мен жастарды қолдау бойынша пәрменді шараларды кеңейту және күшейту. Бұл мақсаттарға 138,6 миллиард теңге бағытталатын болады. Оның ішінде:

1,5 миллиард теңге 1 қыркүйектен бастап аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан балалар үшін жоғары оқу орындарына қосымша 5 мың білім беру гранттарын бөлуге;

2,4 миллиард теңге 1 қыркүйектен бастап техникалық және кәсіптік білім беруде жұмысшы мамандығы бойынша оқып жүрген студенттердің стипендиясын 30 пайызға ұлғайтуға (бұл 122 мың оқушыны қамтиды);

49,2 миллиард теңге қысқа мерзімді кәсіптік білім беру және «Бастау Бизнес» бағдарламасы арқылы жұмыссыздар мен өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларымен қамтамасыз етуге, сондай-ақ «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы бойынша шағын кредит беру көлемін және стартап-жобаларға берілетін гранттар санын ұлғайтуға;

14,4 миллиард теңге Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында 10 мың адамды қамти отырып, жұмыс істейтін жастар үшін сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй салу көлемін 1 мың пәтерден 3 мың пәтерге дейін ұлғайтуға;

70 миллиард теңге атаулы әлеуметтік көмек төлемдерін ағымдағы жылдың 1 шілдесінен 1 сәуіріне көшіруге байланысты атаулы әлеуметтік көмекке арналған қаражатқа қажеттілікті жабуға;

1,1 миллиард теңге техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінде, жоғарғы оқу орындарында студенттерді кәсіпкерлікке оқытуға.

Үшінші бағыт – жобада Үкімет резервін 72,2 миллиард теңгеге ұлғайту ұсынылады. Аталған қаражаттың бір бөлігі Арыс қаласындағы төтенше жағдайдың салдарын жоюға бағытталатын болады.

Бұдан басқа сомасы 35,9 миллиард теңге қаражатты ішкі қайта бөлу есебінен шұғыл шешуді қажет ететін міндеттемелерді қаржыландыру іске асырылады. Оның ішінде:

12,3 миллиард теңге жеке санаттағы азаматтық қызметшілердің жалақысын 30 пайызға көтеруге, қаражат жетіспеушілігін өтеуге өңірлерге берілетін трансферттер;

6,8 миллиард теңге Ұлттық гвардия мен Шекара қызметі әскери қызметшілерінің тұрғын үй төлемдері бойынша кредиторлық берешекті өтеуге.

Президент қойған барлық міндеттерді іске асыру үшін бюджетті нақтылаумен бірге «Еңбек» және «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламаларына өзгерістер енгізіледі.

Қабылданып отырған әлеуметтік шаралардың маңыздылығын ескере отырып, заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Әлихан Асханұлы.

Енді ақша-кредит саясаты туралы сөз Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк Төрағасы Ерболат Асқарбекұлы Досаевқа беріледі.

ДОСАЕВ Е.А. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті сенаторлар! Ақша-кредит және бюджет саясатын үйлестіру Қазақстан Республикасының экономикасын орнықты дамытудың қажетті талабы болып табылады.

2019 – 2021 жылдарға арналған республикалық бюджетке өзгерістер ағымдағы жылы жеке макроэкономикалық көрсеткіштерді қайта қарауға негізделген. Ұлттық Банк бұл өзгерістерді қолдайды.

Сіздерге Ұлттық Банктің ақша-кредит саясатының өзекті мәселелері туралы хабарлауға рұқсат етіңіздер.

Ұлттық Банктің 2019 – 2021 жылдарға арналған негізгі мақсаты инфляцияны 4-6 пайыз дәлізінде ұстап тұру болып табылады. Маусымда жылдық инфляция 5,4 пайыз деңгейінде қалыптасты.

Ұлттық Банктің бағалауынша инфляция биыл және келесі жылы әлеуметтік салаға бюджет шығыстарының ұлғаюын ескере отырып, нысаналы дәлізде сақталады.

Ағымдағы жылдың 3 маусымында Ұлттық Банк базалық ставканы 9 пайыз деңгейінде сақтады. Базалық ставкаға қатысты саясат инфляция бойынша нысаналы бағдарға қол жеткізу және экономиканың өсу қарқынын сақтау арасындағы балансты сақтауға бағытталады.

Валюта нарығындағы теңге бағамы жыл басынан бастап 2 шілде аралығында 0,6 пайызға нығайды. Ол мұнайдың әлемдік бағасының 21 пайызға өсуі және Ресей рублінің 9 пайызға нығайуы аясында орын алды.

2019 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша Ұлттық Банктің алтын-валюта резервтері алдын ала деректер бойынша маусым айында 0,5 пайызға өсіп, 28,2 миллиард АҚШ долларын құрады. Бұл қажетті минимум үш ай болғанда тауарлар мен қызметтер импортының 7,5 айын өтейді.

Ұлттық қордың активтері 58 миллиард 200 миллион АҚШ долларын құрады. Нәтижесінде жалпы халықаралық резервтер алдын-ала деректер бойынша 86 миллиард 400 миллион АҚШ долларын құрады.

Елдің төлем балансымен ахуал жақсарды. Ағымдағы шот екінші тоқсан бойы профицитпен қалыптасуда. Мәселен, 2019 жылғы бірінші тоқсанда ағымдағы операциялар шотының профициті 400 миллион АҚШ долларын құрады. Оған сауда балансының 6,7 миллиард АҚШ долларына дейін кеңеюі себеп болды.

Банктердің кредиттік белсенділігі кеңеюде. Жаңа кредиттер беру ағымдағы жылдың бес айында өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 14,2 пайызға ұлғайды. Мамырда бизнеске теңгемен кредиттер бойынша ставка өткен жылғы мамырдағы 12,5 пайызбен салыстырғанда 11,9 пайызға дейін төмендеді.

Экономиканы ұзақ мерзімді ресурстармен қамтамасыз ету мақсатында Басым жобаларды кредиттеу бағдарламасы іске асырылуда. Осы бағдарламаны іске асыруға 10 банк қатысып отыр. 28 маусымда 130 миллиард теңгеге 146 өтінім қабылданды. Оның ішінде 33,8 миллиард теңгеге 69 жоба мақұлданды.

Ұлттық Банк «7 – 20 – 25» бағдарламасын іске асыруды жалғастыруда. 27 маусымдағы жағдай бойынша бағдарлама шеңберінде 168,4 миллиард теңге сомаға 14 мың 895 өтінім қабылданды.

Ол басталған сәттен бастап жеңілдік талаптармен 7 мың 645 отбасы 89 миллиард теңге сомаға ипотекалық қарыз алды. Таяу уақытта тағы 1 мыңнан астам отбасына қарыз беріледі.

Нәтижесінде, тұтастай алғанда ипотекалық кредиттеу қарқынды дамуда. «7 – 20 – 25» бағдарламасы басталғаннан бері 12 айда банктердің ипотекалық портфелі 1 триллион 400 миллиард теңгеге дейін 24,8 пайызға өсті.

Кредиттеудің өсуіне қорландыру базасын сапалы жақсарту да ықпал етеді. Шетел валютасындағы салымдарды теңгедегі салымдарға ауыстыру үрдісі жалғасуда. Депозиттердің жалпы көлемі 17 триллион 900 миллиард теңгеге жетті. Ал депозиттерді

долларландыру деңгейі 2019 жылғы мамырдағы қорытынды бойынша 39,1 пайызға дейін төмендеді.

Ұлттық Банк қаржылық тұрақтылықты одан әрі қамтамасыз ету және жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізу үшін жұмысын жалғастырады. Ол үшін қажетті қаржы құралдары бар.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ерболат Асқарбекұлы.

Енді сұрақтар мен жауаптарға көшейік.

Сөз сенатор Бектұрғановқа беріледі.

БЕКТҰРҒАНОВ С.Ш. Рақмет, Дариға Нұрсұлтанқызы.

С момента принятия Указа Президента «О мерах по снижению долговой нагрузки граждан Республики Казахстан» и до внесения проекта закона в Парламент прошло не очень много времени. Однако в расчетах Правительства мы видим точные цифры, что данными мерами будут охвачены 443 тысячи 230 граждан.

Вместе с тем, когда мы недавно рассматривали законопроект по вопросам банковской деятельности и микрофинансовых организаций, видели, что количество людей, которые взяли потребительские кредиты, составляет 5 миллионов человек. Сумму не буду озвучивать.

В связи с этим вопросы. Насколько корректно указано количество 443 тысячи 230 человек, всех ли мы смогли за этот короткий период времени учесть? Какие меры предусматриваются? И за счет чего, если будут выявлены дополнительные граждане, которые могут рассчитывать на поддержку государства? Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, кто ответит?

ДОСАЕВ Е.А. Большое спасибо за вопросы.

Количество 443 тысячи 230 граждан, которые вошли в шесть групп, оказавшихся в тяжелой жизненной ситуации, предоставлено базой данных Министерства труда и социальной защиты населения.

Далее эти данные были предварительно обработаны Государственным кредитным бюро, банками второго уровня, микрофинансовыми организациями, которые находятся на сегодняшний день в поле регулирования Национального Банка.

Хотел бы поблагодарить вас за поддержку. Вчера Президент страны подписал закон, связанный с регулированием проблем по потребительскому кредитованию. Теперь все институты, включая онлайн-кредитование, ломбарды и кредитные товарищества, вошли в зону регулирования Национального Банка. За предстоящие шесть месяцев Национальный Банк завершит принятие необходимых нормативных правовых актов для полного регулирования этого сектора.

ТӨРАҒА. Уточните, в чем суть регулирования?

ДОСАЕВ Е.А. Они были в зоне нерегулирования. Дарига Нурсултановна, будут введены специальные методы, чтобы они предоставляли информацию, то есть мы увидим долговую нагрузку, а также вопросы, связанные с минимальными требованиями по капиталу и так далее, чтобы эти участники могли работать.

Также будет запрещено онлайн-кредитование участниками, которые находятся за пределами Республики Казахстан. К сожалению, на сегодняшний день львиная доля кредитов выдается онлайн-кредиторами, которые не являются резидентами Республики Казахстан.

В целом будут приняты меры, связанные с реализацией этого закона. Я думаю, что к концу года мы сможем, уважаемые сенаторы, доложить о тех мерах, которые будут приняты.

Если говорить о количестве людей, которые есть, то с Правительством есть договоренность, что если в рамках уточнения всех баз данных дополнительно возникнут те, которые попадают в шесть групп и должны быть охвачены поддержкой со стороны государства, то у Министерства финансов есть дополнительные источники для этого. Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. В случае недостатка средств, который может возникнуть в результате уточнения, сверки баз данных, мы предусматриваем выделение дополнительных средств из резерва Правительства. Это мы закладываем в постановлении о реализации.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Пожалуйста, сенатор Бектаев.

БЕКТАЕВ Ә.Ә. Рақмет, құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы.

Менің сұрағым Қаржы министріне.

Құрметті Әлихан Асханұлы, біріншіден, Арыс қаласындағы төтенше жағдайға байланысты, оның салдарын жоюға байланысты атқарылып жатқан жұмыстар үшін (Үкімет тарапынан, жергілікті атқарушы орган тарапынан көп жұмыстар атқарылып жатыр) рақмет айтқымыз келеді. Осыған байланысты менің екі сұрағым бар.

Біз қазір Үкіметтің резервінен 72,2 миллиард теңге көлемінде қосымша қаржы қарастырып отырмыз. Осы қаржының қаншасы Арыстағы төтенше жағдайдың салдарын жоюға жұмсалатын болады? Сол жұмыстардың көлемі анықталды ма?

Екіншіден, соның айналасындағы қару-жарақ, оқ-дәрі арсеналын көшіру, жою жөнінде Президент тапсырма берген болатын. Соған қажетті қаржы осының ішінде қаралған ба? Егер қаралмаса, басқа қайсы қаржы көздерінен жұмсалатын болады? Рақмет.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Сұрақтарыңызға рақмет. Арыс қаласы бойынша 1 шілдедегі алдын ала есептеулерге сәйкес 34,5 миллиард теңге, соның ішінде әрбір тұрғынға 100 мың теңге мөлшерінде ақшалай өтемақы төлеу үшін 4,5 миллиард теңге керек. Үкімет резервінен

2 миллиард теңге, Түркістан облысы бюджетінен 1 миллиард теңге және қайырымдылық көмек есебінен 1,5 миллиард теңге есебінен қаржыландырылады.

7 мың 709 тұрғын үйді қалпына келтіруге (оның 49-ы қираған) 19,2 миллиард теңге керек. Оның 50 пайызы басқа өңірлердің бюджеті есебінен болады, қалған 50 пайызы Үкімет резервінен бөлінеді.

66 әлеуметтік объектіні қалпына келтіруге 7 миллиард теңге керек. Ол 54 білім беру, 8 денсаулық сақтау, 4 спорт объектісі. 6 миллиард теңгесін «Самрұқ-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғам бөледі, 1 миллиард теңге бизнес-қауымнан келеді.

Сумен, электр қуатымен, жылумен жабдықтау инфрақұрылымын жөндеу үшін 2,2 миллиард теңге Үкімет резервінен бөлінетін болады.

34 әкімшілік ғимараты үшін 1,7 миллиард теңге керек, ол да Үкімет резервінен келеді. Нәтижесінде Үкімет резервінен 15,5 миллиард теңге, жергілікті бюджеттерден 10,6 миллиард теңге, «Самрұқ-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамынан 6 миллиард теңге, демеушілік және қайырымдылық көмек есебінен 2,5 миллиард теңге жоспарланып отыр. Дегенмен барлық тексеру және есептеу жұмыстарын аяқтағаннан кейін бұл цифрлардың өзгеруі мүмкін.

Сонымен бірге Арыс қаласының шағын және орта бизнесі үшін «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ тарапынан 6 айлық жеңілдік кезеңімен 48 айға дейін 1 пайыз мөлшерлеме бойынша 5 миллион теңгеге дейін жеңілдік кредиттер берілетін болады. Бұл қаржы жағынан.

Қару-жарақ бойынша сұраққа тиісті министр жауап берер.

ЕРМЕКБАЕВ Н.Б. Арсеналды көшіру туралы Елбасының және Қарулы Күштер Жоғарғы Бас Қолбасшысының тапсырмалары бар. Біз бұл жұмысты бастап кеттік. Екі аптаның ішінде нақты оқ-дәрілерді тасымалдау жұмыстары басталады. Қазір дайындық жұмыстары жүргізілуде. Оған қаржы осы резервтен қарастырылған.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Пожалуйста, сенатор Ершов.

ЕРШОВ С.М. Спасибо, уважаемая Дарига Нурсултановна.

Как уже сообщалось в докладе, предусматривается направление 14,4 миллиарда тенге на увеличение объемов строительства арендного жилья без права выкупа для работающей молодежи в городах Нур-Султане, Алматы, Шымкенте. В этой связи у меня возникает вопрос: до конца ли отработан механизм выделения такого жилья?

Так, в соответствии с Законом Республики Казахстан «О жилищных отношениях» к социально уязвимым слоям населения относятся 12 категорий граждан. Не ограничиваем ли их права, права тех лиц, которые уже стоят в очереди для получения жилья? Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, ответьте.

ҚАСЫМБЕК Ж.М. Действительно, есть несколько очередей, есть очередь в местных исполнительных органах, по которым мы ежегодно работаем и выдаем арендное жилье. В



соответствии с поручением Елбасы есть отдельная очередь нуждающихся многодетных семей, на сегодняшний день их порядка 32 тысяч.

Мы внесли изменения в закон, а также в программу «Нұрлы жер», теперь есть отдельная программа по работающей молодежи. Мы планируем в рамках этой программы в течение трех лет выдать работающей молодежи порядка 9000 квартир. В этом году 3000 квартир с учетом того, что финансирование открывается в середине года, с первичного и вторичного рынка будут выдаваться, а со следующего года – только с первичного рынка. Это в городах Нур-Султане, Алматы и Шымкенте.

В июле Министерство информации и общественного развития утвердит соответствующие правила совместно с акиматами, где будут определены категории, в соответствии с которыми будет предоставляться жилье акиматами. Соответствующий механизм до конца месяца будет выработан и принят. Необходимые механизмы по приобретению и строительству жилья в рамках программы «Нұрлы жер» полностью проработаны.

ТӨРАҒА. Мы будем рассчитывать на то, что вы прозрачно и открыто дадите информацию для публики, чтобы она четко знала, какие правила, кому и что положено.

ҚАСЫМБЕК Ж.М. Обязательно.

ТӨРАҒА. У меня дополнительный вопрос. Почему вы все-таки отказываетесь использовать рынок вторичного жилья?

ҚАСЫМБЕК Ж.М. В этом году мы будем работать по первичному и вторичному жилью, а со следующего года у акиматов в рамках программы «Нұрлы жер» есть необходимое количество жилья, которое строится по социальным ценам, 180 тысяч тенге за квадратный метр. На вторичном рынке жилье дороже. Мы считаем, что этот механизм рабочий. В принципе, он работает по всему арендному жилью, по многодетным и другим категориям, которые есть в законе.

ТӨРАҒА. Правила аренды квартир для государственных нужд, их тоже можно четко отрегулировать и поставить ценовой коридор, чтобы не было злоупотреблений, активно использовать. Зачем снова залезать в карман государственного бюджета, чтобы строить новое жилье, арендное или какое бы то ни было?

ҚАСЫМБЕК Ж.М. На сегодняшний день правила существуют. Например, стоимость аренды жилья составляет 100 тенге за квадратный метр. Если квартира, предположим, 60-70 квадратных метров, то для этой семьи будет примерно 6-7 тысяч тенге в месяц, это приемлемая цена для аренды.

Такие же ценовые параметры и для других социально уязвимых слоев населения, которые получают арендное жилье за счет государства.

Параллельно с этим мы с Национальным Банком работаем по коммерческому арендному жилью, планируем со следующего года внедрить механизм, чтобы появилось

коммерческое арендное жилье, естественно, оно будет дороже для других слоев населения, но уже появится альтернатива и для государственного арендного жилья.

Мы планируем в рамках программы «Нұрлы жер» строить примерно 20 тысяч квартир ежегодно, 10 тысяч квартир – за счет бюджета, 10 тысяч квартир – за счет частного сектора. Это касательно арендного жилья.

ТӨРАҒА. По арендному жилью, которое будет строиться за счет бюджета, дальше возникнут вопросы по управлению этим имуществом, сбору арендной платы, текущему ремонту. Эти вопросы будут на чьих плечах?

ҚАСЫМБЕК Ж.М. Этот механизм проработан, мы по нему работаем уже не первый год. Это арендное жилье без права выкупа. Помимо арендной платы, оплачиваются коммунальные платежи семьей, которая там проживает, то есть расходы на содержание дома несут жильцы, но жилье находится на балансе акимата.

ТӨРАҒА. Значит, акимату нужно увеличивать штат, чтобы следить за этим жильем?

ҚАСЫМБЕК Ж.М. Нет, сегодня по этому механизму работают, увеличения штата не требуется.

ТӨРАҒА. То есть вас устраивает этот механизм? Он себя хорошо зарекомендовал, там все благополучно?

ҚАСЫМБЕК Ж.М. Устраивает, но очереди большие. На сегодняшний день по Казахстану в очереди в местных исполнительных органах стоят почти 500 тысяч семей. В год строим порядка 10 тысяч арендного жилья.

Очереди достаточно большие. Поэтому параллельно вводятся новые механизмы по льготному кредитованию. С 15 июля начинает работать новая ипотека под 2 процента годовых для трех категорий населения, это многодетные семьи, семьи с детьми-инвалидами и неполные семьи, через механизмы АО «Жилстройсбербанк».

Кроме того, у АО «Жилстройсбербанк» есть ряд других инструментов, которые для людей с этим достатком предоставляют различные механизмы по ипотеке. Сегодня мы видим, что инструменты АО «Жилстройсбербанк» востребованы, более миллиона человек через систему жилстройсбережений планируют получить в ближайшие пять-шесть лет жилье.

ТӨРАҒА. Дополнительный вопрос. Потенциал домостроительных комбинатов. Как Правительство собирается использовать их, выгодно или невыгодно, был ли смысл помогать их строить в свое время, инвестировать из государственного бюджета? Насколько сегодня они загружены заказами?

ҚАСЫМБЕК Ж.М. Очень важный вопрос. В этом году мы планируем строительство более 13 миллионов квадратных метров жилья. Для сравнения приведу. Например, в 1991

году была программа «Жилье–91». Тогда в пиковый период строили 6-6,5 миллиона квадратных метров жилья, а сейчас строим в два раза больше. Ежегодно рост строительного рынка жилья составляет 8-9 процентов.

Мы стараемся активно задействовать домостроительные комбинаты. К сожалению, не во всех регионах они задействованы на 100 процентов, во многих регионах они работают с загрузкой на 50 процентов.

На сегодняшний день отдельно в рамках программы «Нұрлы жер» мы предпринимаем меры для того, чтобы акиматы максимально задействовали то, что было построено с помощью государства, именно домостроительные комбинаты. В ряде областей они задействованы на 100 процентов. Мы планируем в этом году максимально эту работу реанимировать.

Кроме того, через строительство мы увеличиваем казахстанское содержание, примерно 85 процентов строительных материалов при строительстве по программе «Нұрлы жер» казахстанского содержания.

ТӨРАҒА. Мне кажется, в целом нужно обновить отношение к домостроительным комбинатам и их роли в строительстве социального жилья. Быстро, по доступной цене и качественно.

Нужно разработать для различных объектов социальной инфраструктуры свои типовые проекты с привязкой к климатическим зонам, регионам и так далее. Бердібек Машбекович, Вы со мной соглашаетесь, я вижу, что у Вас это тоже наболело. Поэтому просим обратить на это серьезное внимание, мы тоже будем заниматься этим вопросом.

Сенатор Еңсегенов.

ЕҢСЕГЕНОВ С.Қ. Дариға Нұрсұлтанқызы, менің сұрағым Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Бердібек Машбекұлына.

Құрметті Бердібек Машбекұлы, заң жобасында 14 миллиардқа жуық ақша қысқа мерзімдік кәсіби оқытуға бөлініп, қарастырылып отыр.

Менің сұрағым. Осы кәсіби оқытуға қатысты экономика үшін қажетті мамандықтар анықталған ба және осынша қаржы жұмсап оқытқан адамдардың болашақта тұрақты жұмысқа орналасуына кепілдік бар ма? Оны бақылау қалай іске асырылады? Тиімділігі жөнінде.

САПАРБАЕВ Б.М. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті депутаттар! Сәрсенбай Құрманұлы, өте дұрыс сұрақ көтеріп отырсыз.

Біз қазір қысқа мерзімде оқытып, экономикаға қажетті мамандарды дайындауымыз керек.

Біз елімізде жүргізіліп жатқан 14 мемлекеттік бағдарламаға талдау жасадық: сол бағдарламалар арқылы қай жерде қандай кәсіпорын салынады, ол кәсіпорынға қандай маман керек, сол мамандарды оқыту жөнінен.

Біз еңбек ресурстарының ұлттық жүйесін осы биылғы жылдан бастап енгіздік. Соған сәйкес экономикамызға керек 200 мамандық таңдалды. Сол мамандықтарды дайындайтын

жоғары және арнаулы оқу орындары да таңдалды. Ең керекті мамандықтардың бізде тізімі бар.

Сіздер білесіздер, қазіргі таңда ең керек мамандықтар IT, құрылысқа керекті мамандықтар, өңдеу саласына, жеңіл өнеркәсіпке және тағы басқаларына қажетті мамандықтар. Ал оларды қадағалау, тексеруге қатысты біз арнайы жұмыс орындарын ашу жөнінде карта жасадық, оған арнайы информациялық жүйе де жасалынды. Біз ай сайын жаңа айтылған мемлекеттік бағдарламалар бойынша жергілікті жерлерде қанша жаңадан жұмыс орындары ашылу керек, солар ашылды ма, ашылмады ма және ең негізгісі, берген мәлімет дұрыс па, дұрыс емес пе деп бұрынғыдай жергілікті жерлердің немесе орталық органдардың берген мәліметтеріне сеніп қалмай, сол информациялық жүйе арқылы қадағалап, бақылап отырамыз.

Қазір біз бірінші жартыжылдықтың қорытындысын шығарып жатырмыз. Қазіргі мәлімет бойынша 183 мың жаңадан жұмыс орындары ашылған.

Сіздер білесіздер, мектепті бітірген балаларға бірінші кезекте мамандық беру жөнінен Елбасының тапсырмасы бар. Сондықтан бұл мәселелер біздің бақылауымызда, осы бағытта біз әрі қарай жұмыс жасаймыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сенатор Динар Жүсіпәліқызы.

НӨКЕТАЕВА Д.Ж. Рақмет, Дариға Нұрсұлтанқызы.

Менің сұрағым Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Бердібек Машбекұлына.

Осы сұрақты менің алдымдағы әріптесім айтып кетті, соны тағы нақтылағым келіп отырғанымның себебі бар.

Бюджет жобасында қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға «Бастау Бизнес» бағдарламасы аясында жұмыссыз 54 мың білім алушының нақты қанша пайызын жұмыспен қамтамасыз етуді жоспарлап отырсыздар? Жұмысқа орналаспаған адамдарды қайтадан оқыту жоспарланып отыр ма және аталған іс-шаралардың орындалуын бақылауды қандай мемлекеттік орган болашақта жүзеге асыратын болады? Рақмет.

САПАРБАЕВ Б.М. Динар Жүсіпәліқызы, сұрағыңызға рақмет.

Сіздер білесіздер, «Бастау Бизнес» бағдарламасы бойынша «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірге Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе облыстарында жұмыстар жүргізілді.

Негізінен біздегі жұмыссыздар, мамандығы жоқтар ауылдық жерлерде тұрады. Сондықтан біз «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірігіп, сол жердегі жастарды жинап, оларды оқытамыз. Біріншіден, олар өздерінің бизнес жоспарларын жасау керек, одан кейін соны қорғап сертификат алу керек. Сертификат алғаннан кейін оларды біз жұмысқа орналастыруымыз керек.

Қазіргі таңда осы курстарды бітірген адамдардың 66 пайызы жұмысқа орналасқан. Ал сіз айтқан жұмысқа орналаспаған адамдарды қайтадан оқыту жөнінде де шаралар бар. Біздің негізгі міндетіміз оларды толығымен жұмысқа орналастыру. Қазіргі қосымша беріліп

жатқан қаржы да соған арналған. Бұл жөнінде біз «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірігіп жұмыс жасап жатырмыз, әсіресе скрининг жөнінен. Біз ауылдық жерлердегі елді мекендерді дамытамыз десек тек қана жұмысшылар керек емес, ертең ол жұмысшылар қайда жұмыс істейді, ол үшін экономиканың қандай салаларын дамыту керек, соны біз анықтауымыз керек. Қазір ол жөнінде жұмыстар жүріп жатыр.

Бағалау жөнінде жаңа мен сұраққа жауап берген кезде айттым, бұл мәселені бақылайтын біздің министрлік. Карта жөнінде айттым, біз ай сайын ашылған жаңа жұмыс орындарының тиімді пайдалануын бақылап отырамыз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сенатор Әділбеков, сіздің сұрағыңыз.

ӘДІЛБЕКОВ Д.З. Рақмет.

В связи с предстоящей поездкой по регионам у меня несколько вопросов.

Первое. Можно сегодня или завтра получить информацию по 443 тысячам 320 человекам, разбить их по регионам и по банкам?

Второе. Если будут дополнительные списки, в том числе онлайн-кредитование, куда их направлять, какая процедура, где будут рассматриваться?

Третье. Беззалоговые потребительские займы, особенно в преддверии 1 сентября, будут ли продолжать выдавать? Какова здесь перспектива?

И последнее. Впереди трехлетний бюджет, прошли выборы, есть предвыборная платформа партии. Если спросят, что будет, какие изменения, как Вы ответите на эти вопросы? Или когда-то будет опубликован какой-то документ? Спасибо.

ТӨРАҒА. К кому вопросы?

ӘДІЛБЕКОВ Д.З. Первые три вопроса, наверное, к Национальному Банку, а четвертый вопрос, наверное, к Министерству финансов или Министерству национальной экономики.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Ерболат Аскарбекович.

ДОСАЕВ Е.А. Спасибо за вопросы.

По 443 тысячам 230 человекам. Сегодня эту работу мы завершаем. 9 июля мы поставили время загрузки к нам в полном объеме файлов и до 15 июля завершаем работу по сверке. Поэтому списки, связанные с региональным разрезом, банками или микрофинансовыми организациями, будут готовы к 15 июля.

Я понимаю, что списки есть, мы не собираемся вызывать людей, чтобы они переподписывали бумаги и так далее. Будет сделан специальный сверочный пункт. После этого Фонд проблемных кредитов заключит договоры с банками второго уровня и микрофинансовыми организациями, а Государственное кредитное бюро проследит, чтобы каждый, до кого будут доведены 300 тысяч тенге, получил необходимое извещение о списании объема основного долга и вознаграждения либо в полном объеме, либо частично.

Поэтому до 15 июля Национальный Банк с Правительством закончит свою работу, потом мы готовы с Министерством труда и социальной защиты населения рассмотреть, как эта информация будет доведена.

По вопросам, связанным с кредитованием, что будет с нормами, как мы будем регулировать эти вопросы, я вчера сказал, что в Государственном кредитном бюро будут положительно отражены погашения. Но это не означает, что наши граждане сразу побегут и возьмут новые кредиты. Это самая большая проблема.

Понятно, что у тех, у кого хорошая кредитная история, никто не забирает права работать с банками. Но те ограничения, о которых мы говорили, особенно для тех, кто получает различные государственные пособия, у кого уровень доходов ниже прожиточного минимума, мы введем жесткое регулирование получения беззалоговых потребительских кредитов. Это будет принято в ближайшее время.

Я еще раз хочу сказать, что закон принят. В реализацию его мы начнем на уровне Национального Банка принимать свои внутренние нормативные правовые акты.

ТӨРАҒА. А к кредитованию на свадьбы как Вы относитесь?

ДОСАЕВ Е.А. Мы смотрели по структуре, почти у всех банков, которые занимаются потребительским кредитованием, 9,5 процента той кредиттер дейді ғой. Никто это право ни у кого не забирает, если имеются соответствующие доходы.

Дарига Нурсултановна, понятно, это решение каждой семьи. К сожалению, много фактов, когда кредиты берут родители, а расплачиваются те, ради кого эти деньги брали, кредиты переходят к ним в виде обслуживания.

Действительно, было упущено много возможностей, связанных с проведением финансовой грамотности населения. Мы договорились с Ассоциацией финансистов Казахстана, подключатся банки и микрофинансовые организации, что со второй половины этого года начнем активнее работать и объяснять, если кредит берется, конечно, он должен быть выплачен и возвращен.

Как форму такие кредиты запретить нельзя, потому что люди берут на собственные цели, но нам хотелось бы отрегулировать их количество и объемы, которые они берут для этих целей.

ТӨРАҒА. И ответственность обеих сторон: кто дает кредит и кто берет кредит.

ДОСАЕВ Е.А. Обязательно, это наша взаимная ответственность.

Я хотел бы сказать по онлайн-кредитованию. Онлайн-кредитование в периметр поддержки государства не входит, потому что онлайн-кредитование, ломбарды и кредитные товарищества не находятся в регулируемой зоне, мы не знаем, какие там объемы, тем более с эффективной ставкой до 700 процентов. Государство на себя обязательство по погашению таких задолженностей не возьмет. В онлайн-кредитование не входят беззалоговые потребительские кредиты, которые находятся в банках второго уровня и микрофинансовых организациях.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Алихан Асханович.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Работа по формированию трехлетнего бюджета начата, мы планируем до конца июля на Республиканской бюджетной комиссии рассмотреть всех администраторов бюджетных программ.

Как я докладывал, параллельно у нас функционируют три рабочие группы на площадке Министерства национальной экономики с привлечением всех заинтересованных сторон, Национальной палаты предпринимателей «Атамекен», которые работают над оптимизацией расходов по трем направлениям.

Первое направление по государственным программам, в первую очередь Государственная программа индустриально-инновационного развития, программы развития АПК, занятости, образования, здравоохранения, на предмет эффективности мер государственной поддержки, которые предусмотрены.

Второе направление по подведомственным организациям и государственным заданиям, которые выделяются на эти предприятия.

Третье направление – нормативные правовые акты, которые регулируют проектно-сметную документацию, государственную экспертизу, экспертизу. Нужно шире применять типовые проекты при строительстве, в частности, социальных объектов. Мы хотим в этой части внести соответствующие поправки, чтобы обязать применять такие типовые проекты.

С учетом всех итогов рабочих групп мы будем рассматривать в течение июля все расходы наших администраторов, и в установленные законом сроки мы внесем в Парламент соответствующий проект республиканского бюджета на трехлетний период.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Осымен сұрақтар аяқталды. Енді заң жобасы бойынша қосымша баяндаманы тыңдайық.

Слово для содоклада предоставляется председателю Комитета по финансам и бюджету Перепечиной Ольге Валентиновне.

Пожалуйста, Вам слово.

ПЕРЕПЕЧИНА О.В. Уважаемая Дарига Нурсултановна! Уважаемые депутаты и приглашенные! Обеспечение улучшения благосостояния населения и создания устойчивой модели казахстанской экономики является основной целью социально-экономической политики Казахстана на 2019 – 2023 годы, где главным приоритетом является необходимость обеспечения достойного уровня жизни граждан как социально ориентированного государства.

Основой для уточнения республиканского бюджета является необходимость реализации поручения Главы государства по исполнению пакета срочных мер. Комплекс мер проработан с учетом всех аспектов социально-экономической политики и предусматривает охват мерами содействия занятости безработных и самозанятых, социальную поддержку для детей из малообеспеченных и многодетных семей, увеличение строительства арендного жилья для малоимущих семей, а также кредитную амнистию для граждан, оказавшихся в трудной жизненной ситуации.

Но с другой стороны, сегодня мы закрываем последствия имеющихся системных проблем, в том числе и в системе потребительского кредитования. На сегодня общая задолженность по всем потребительским кредитам превышает 4 триллиона тенге, должниками являются более 27 процентов населения Казахстана, более 55 процентов экономически активного населения страны, то есть каждый шестой из десяти работающих человек имеет долги по потребительским займам, не считая задолженности по другим видам займов, ипотечные займы, в том числе автокредиты, бизнес-кредиты и так далее.

И несмотря на то, что в рамках недавно принятого закона по вопросам регулирования и развития финансового рынка, микрофинансовой деятельности приняты определенные меры по наведению порядка на кредитном рынке, все же эти рычаги не решают до конца концептуальных проблем, которые в конечном итоге приведут к снижению кредитования и расширению текущих структурных дисбалансов в экономике.

Для улучшения ситуации на кредитном рынке требуется комплексный подход к решению имеющихся проблем, к которым можно отнести потребительские кредиты в секторе онлайн-кредитования, кредитных товариществ, ломбардов. Именно эти секторы являются наиболее нерегулируемыми.

Поэтому для снижения долговой нагрузки, в том числе устранения системных проблем на рынке потребительского кредитования, требуется выработка новых инструментов государственной поддержки посредством принятия мер по защите прав потребителей финансовых услуг, усилению подходов по регуляторным требованиям банка, взвешиванию капитала и оценке долговой нагрузки.

И только с учетом реализации всех этих мер мы можем рассчитывать на улучшение ситуации на кредитном рынке в целом, искоренение безответственного и беспорядочного кредитования населения и повышение роли финансового рынка в развитии экономики Казахстана.

В целом проект уточненного республиканского бюджета, очень важный и соответствует задачам, поставленным Президентом страны, окажет положительное влияние на улучшение положений незащищенных слоев населения.

Уважаемые коллеги! В рамках рассмотрения данного законопроекта были проведены заседание комитета и расширенное заседание комитета.

Постоянные комитеты Сената замечаний и предложений по данному законопроекту не имеют.

На основании изложенного Комитет по финансам и бюджету рекомендует принять Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Закон Республики Казахстан «О республиканском бюджете на 2019 – 2021 годы».

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Есть вопросы к Ольге Валентиновне?

ОРНЫНАН. Нет.

ТӨРАҒА. Сұрақтар болмаса заң жобасын талқылауға көшеміз.



Пожалуйста, сенатор Плотников, Вам слово.

ПЛОТНИКОВ С.В. Рақмет, құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы.

Құрметті әріптестер мен шақырылғандар! Проект Закона «О внесении изменений и дополнений в Закон Республики Казахстан «О республиканском бюджете на 2019 – 2021 годы» направлен на продолжение реализации проводимой государством политики социальной поддержки различных слоев населения с учетом мер по обеспечению занятости, поддержке малообеспеченных, многодетных семей и молодежи.

Основные параметры республиканского бюджета и показатели прогноза социально-экономического развития страны остаются без изменений.

Финансовое обеспечение для реализации поручений Главы государства будет осуществлено за счет перераспределения части средств, выделенных из Национального фонда.

В целях оказания своевременной помощи по снижению долговой нагрузки на граждан, оказавшихся в тяжелой жизненной ситуации, государство выделяет 89,2 миллиарда тенге для погашения основного долга и начисленного вознаграждения. Для более 250 тысяч заемщиков будет осуществлена полная оплата общего размера задолженности.

На увеличение резерва Правительства, в том числе для устранения последствий чрезвычайной ситуации в городе Арыси, предусмотрено 72 миллиарда тенге.

Также будут организованы комплексные меры социальной поддержки детей из малообеспеченных и многодетных семей. В этом году будет выделено дополнительно 5 тысяч образовательных грантов в вузы, бесплатный проезд, обеспечение школьными принадлежностями.

Уважаемые коллеги, считаю своим долгом поддержать масштабные народные инициативы нашего Президента.

Құрметті әріптестер, осы заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Сергей Викторович.

Сенатор Бектұрғанов.

БЕКТҰРҒАНОВ С.Ш. Я полностью поддерживаю данный законопроект, особенно в части погашения долгов социально уязвимых слоев населения перед банками и микрокредитными организациями. Хотел бы обратить внимание на один момент, чтобы Правительство в перспективе, может быть, как-то решило этот вопрос.

В данном законопроекте предусмотрено выделение 3 миллиардов 200 миллионов тенге дополнительно на программу «Бастау Бизнес». Таким образом, общая сумма, выделенная по этой программе, составит 5 миллиардов 900 миллионов тенге.

Вместе с тем, как мы знаем по официальной информации, в прошлом году были обучены по этой программе 28345 человек, из них получили микрокредиты 7692 человека, то есть 27 процентов. Не кажется ли Правительству эффективность попадания по данной

программе очень низкой? Тех ли людей мы обучаем? Тому ли этих людей обучаем? Как мы выдаем микрокредиты?

В связи с выделенными дополнительными средствами планируется обучить 75 тысяч человек. И сразу мы планируем, что из этих обученных людей получают микрокредиты только 20250 человек, то есть опять 27 процентов. Может быть, пока есть время, пока есть еще полгода, посмотреть, кого и как мы обучаем, как эти деньги наиболее эффективно использовать? Может быть, переформатировать программы? Потому что 27 процентов эффективности – это довольно низко. Спасибо.

ТӨРАҒА. Вы совершенно правы. Правда, надо заняться всеми этими программами, нацеленными на поддержку бизнеса и обеспечение занятости. Эффективность их низка, и многие коллеги неоднократно об этом говорили. Но мы пока от Правительства не видим реальных шагов для того, чтобы эту ситуацию выправить.

Придете осенью с бюджетом, опять спросим строго.

Сенатор Еңсегенов.

ЕҢСЕГЕНОВ С.Қ. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер! Бүгін өте маңызды мәселе қаралып отыр деп ойлаймын. Осыдан 10 ғасыр бұрын өмір сүрген адамзаттың асыл ойлы ойшылдарының бірегейі Жүсіп Баласағұн мемлекет басшысы қандай қасиеттерге ие болу керек дегенде «сергек сезім, бектер көркі сабырлы, естиді ол мұңынды да, зарынды» деген екен.

Бүгінгі Мемлекет басшысы Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың өзекті әлеуметтік мәселелерді шешуге байланысты алынған шешімі, шын мәнінде, бұл – сол халықтың мұңы, зары.

Осы мұң-зарды естіп, осындай үлкен қадамға барғаннан кейін біз республикалық бюджетке қосымша өзгерістер енгізу туралы мәселені қарап отырмыз.

Шын мәнінде, бюджеттің шығыс бөлігін нақтылауға бағытталған үш бағыттың үшеуі де өте өзекті, өте маңызды. Бұл тек қана әлеуметтік немесе экономикалық қана емес, бұл қоғамымыздағы тұрақтылықты қалыптастыруға ерекше әсер ететін факторлардың бірі деп ойлаймын. Сондықтан аталған заң жобасын мен қолдаймын, әріптестерім де қолдайды деген ойдамын. Сонымен бірге бір-екі мәселеге көңіл аударғым келеді.

Біріншіден, біздің осындай жағдайға жетуімізге не себеп болды? Бұл екінші деңгейдегі банктердің жеңіл табыс табуға бағытталған есепсіз жұмыстарының нәтижесі деп ойлаймын. Бүгінгі күні екінші деңгейдегі банктердің қызметіне халықтың тарапынан, кәсіпкерлердің тарапынан қойылатын сұрақ өте көп, шешімін таппай тұрған мәселелер жеткілікті. Мемлекет екінші деңгейдегі банктерге 2,5 триллионнан астам қаржы берді.

Соның қайтарылымы бар ма бүгін, ел сол банктердің жақсылығын көріп отыр ма деген сұраққа келетін болсақ, иә деп айтуға болмайды деп есептеймін.

Жеңіл кредиттер жоқ. Ұзақ мерзімді кредиттер жоқ. Оның үстіне Ұлттық Банктің есепсіз жүргізген девальвациясының нәтижесінде мыңдаған кәсіпорын тарап кетті, мыңдаған адам жұмыссыз қалды. Бұл туралы бізге көп хат келеді.

Біз бүгін тағы да 90 миллиардқа жақын ақшаны мемлекеттің есебінен жауып отырмыз.

Кей кезде осы банктер әдейі жасайтын сияқты болып көрінеді маған, мемлекет тығырыққа тірелгенде шығатын жер болмағандықтан осындай қадамға баратынын біліп, әдейі жасайтындай. Сондықтан Ұлттық Банкке екінші деңгейдегі банктердің қызметіне, мемлекет қаржысының қайтарылуына, пайызды төмендетуге байланысты нақты батыл қадамдар, шаралар жасағаны дұрыс деп ойлаймын.

Екіншіден, бізде бағдарламалар өте көп. Мысалы, кәсіптік оқытуға, кәсіпкерлікті оқытуға бірнеше жылдан бері миллиардтаған қаржы бөліп келеміз. Ал осының нәтижесі қандай, неге жұмыссыздық азаймайды, неге тұрақты жұмыс орындары өспейді, неге белсенді қызмет істейтін кәсіпкерлеріміз жоқ? Осыған талдау жетіспейтін сияқты. Талдау болса да соның әрі қарай тиімді тетіктерін қалыптастыруға, соған бөлінген мемлекеттің әрбір қаржысының тиімді, нәтижелі жұмсалуына жауапкершілікті күшейту жетіспей отырған сияқты болып көрінеді. Осы мәселелерді Үкімет болашақта ескерсе деген ойым бар.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Басқа сөз сөйлеушілер жоқ, талқылау аяқталды.

Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық. Бас комитеттің «2019 – 2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі ұсынысын және осы мәселе бойынша Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 41, «жақтағандар» – 41, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – жоқ. Заң қабылданды.

Бүгінгі қаралған заң жобасы өте маңызды. Бюджетке енгізілген түзетулер еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына, халықтың әл-ауқатын жақсартуға оң әсерін тигізеді деп бәріміз сенімдіміз.

Бұл мәселе бойынша шақырылған Үкімет мүшелері мен Ұлттық Банк басшыларына көп рақмет. Аман-сау болыңыздар, жазда жақсылап жұмыс істеңіздер.

Бүгін бізде бір депутаттық сауал бар.

Сенатор Еңсегенов Сәрсенбай Құрманұлы.

ЕҢСЕГЕНОВ С.Қ. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер! Менің екі депутаттық сауалым бар еді, екеуі де Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Маминге.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Қоғамда алкогольді тұтынудың профилактикасына байланысты орынды алаңдаушылық туындауда. Біріккен Ұлттар Ұйымының ақпаратына сәйкес Қазақстан алкоголь өнімдерін ішу көрсеткіші бойынша әлемдегі алғашқы он елдің қатарында. Орта Азияда біз бірінші орында тұрмыз.

Тәуелсіздік алған жылдар ішінде мас күйінде 330 мыңнан астам қылмыс жасалған. Ішімдік ішумен байланысты қылмыстар нәтижесінде 30 мыңнан астам адам өлім құшқан, 14 мың жасөспірім мен әйел зорланған. Осындай себеппен жол көлік оқиғасынан 5 мың адам қайтыс болған. Әрбір бесінші өз-өзіне қол жұмсау мас күйінде жасалған. Орташа

есеппен күн сайын мас қылмыскерлер қолынан үш адамға дейін қаза болады деген мәлімет бар.

Осы жан шошытарлық құрғақ сандардың артында мыңдаған адам мен отбасының қайғы-қасіреті жатыр. Бірақ оны тек жекелеген адамдар немесе отбасының мәселесі деп қарау қателік. Бұл саламатты өмір салтын қалыптастыру, дені сау ұрпақ тәрбиелеу мақсатына жетуге кедергі келтіретін қауіпті жағдай.

Алкоголь өнімдерін өндіру мен айналымына либеральдық көзқарас экономикаға да тиімсіз. Мас күйінде қылмыс жасап сотталғандарды ұстау үшін мемлекет жыл сайын 5 миллиард теңгеден астам қаржы жұмсайды. Олардың өзін және мас адамдардан зардап шеккендерді емдеуге, әлеуметтік қолдауға бөлінетін қаржы бұдан көп болмаса, аз емес.

Қалыптасқан жағдайда алкоголь өнімінің айналымын реттеуге байланысты қосымша шаралар қажет деп санаймын. Қолданыстағы заңнаманы жетілдіру керек. Ол үшін халықаралық тәжірибені терең зерделеп, тиімді тетіктерін енгізу маңызды.

Шет мемлекеттерде алкоголь өнімінің айналымын реттеудің тиімді тәжірибелері бар.

Қазақстан қатарына кіруге ұмтылып отырған дамыған Швеция, Финляндия, Норвегия, Канада сияқты елдерде алкоголь өнімдерін сатуға мемлекеттік монополия орнатылған.

Ұлттық, мемлекеттік және діни мерекелер күндері арақ-шарап өнімдерін сатуға тыйым салу да дамыған елдерде кеңінен таралған.

Арақ өнімдерін арнайы мамандандырылған дүкендерде сату немесе адамның жеке басын куәландыратын құжаттар негізінде өткізу осы бағыттағы жұмыстың тиімділігін арттырады. Бұндай тәртіп еуропалық мемлекеттерде қарастырылған.

Сол сияқты басқа мемлекеттердің алкоголь өнімдерін әкелуге әртүрлі шектеулер қойылған. Олардың қатарында арнаулы импортер институтын сақтау, алкоголь өнімдерін тасымалдайтын көліктерді сүйемелдеу, тасымалдауды лицензиялау тағы да басқа шаралар тиімді жұмыс істеуде.

Білім беру мекемелерінен 100 метр жерде спирттік ішімдіктерді сатуға тиым салу жөніндегі норманы қайтадан қарау өзекті.

Кейбір дамыған елдерде білім беру мекемелерінен, соның ішінде жоғары оқу орындарынан 200 тіпті 500 метрден жақын жерде алкоголь өнімін сатуға тыйым салынған.

Кезінде қажетті арақашықтықты анықтау, жұмыс істеп тұрған сауда орындарының қызметін реттеу жөніндегі нұсқамалықтың болмауы жоғарыда аталған норманың тиімді іске асуына бірден бір кедергі болғаны белгілі.

Алкоголь өнімін өткізу жөніндегі заңнамалық шектеулер кәсіпкерлер тарапынан үнемі бұзылуда. Егер 2015 жылы 2095 әкімшілік құқық бұзушылық анықталса, ол жыл сайын өсіп, 2018 жылы 3 мыңға жеткен.

Сол сияқты тиісті тіркеусіз, рұқсатсыз сатуға байланысты әкімшілік құқық бұзушылық жылдан-жылға еселеп өсуде. 2015 жылы 374 жағдай анықталса, 2018 жылы оның саны 1623-ке жеткен немесе 4,5 есе көбейген.

Бұл саладағы заңсыздықтар бұдан да көп екені күмәнсіз. Оны толық анықтауға кейбір шектеулер мүмкіндік бермейді. Алкоголь өнімін сағат 23.00-ден келесі күнгі сағат 08.00-ге дейін, этил спиртінің көлемді үлесі 30 пайыздан асатындарын сағат 21.00-ден

келесі күнгі сағат 12.00-ге дейін бөлшек саудада сатуға тыйым салынған. Бірақ бұл норманың сақталуын тексеру үшін Кәсіпкерлік кодексінің талабына сәйкес алдын ала кәсіпкерге хабарлама жіберіп, тиісті мемлекеттік органнан рұқсат алу қажет. Бұндай қарама-қайшылықтар тез арада түзетуді қажет етеді.

Сонымен бірге тексеруші органдарға алкоголь өнімдері бақыланатын сатып алу мүмкіндігін беруді, мейрамханаларда, барларда және дәмханаларда алкоголь өнімдерін өткізудің уақыттық шектеуін енгізуді қарастырған дұрыс.

Кәсіпкерлік кодексінің 3-бабына сәйкес мемлекет пен кәсіпкерлік субъектілерінің өзара іс-қимылы кәсіпкерлікті дамытуда ғана емес, қоғам үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталады деп белгіленген.

Алкоголь өнімдерін өндіру мен өткізу қоғам үшін аса қолайлы жағдай жасайтын кәсіп түрі емес. Дегенмен оның қызметін толық тоқтату да дұрыс емес шығар. Бірақ оның айналымына қатаң бақылау орнату және жауапкершілікті күшейту, бұл – қажеттілік.

Бұл мәселеде кәсіпкерлікті қолдау керек деген түсінік қоғамға қауіпті жайды құрықтауға кедергі болмауы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда кәсіпкерлік субъектісіне қатысты реттеушілік әсерді талдау туралы талапты алкоголь өнімінің айналымына байланысты қолданбау жөнінде заңнамаға толықтыру енгізу жөн деп есептеймін.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 27-бабына сәйкес депутаттық сауалды қарау нәтижесі туралы заңмен белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді өтінемін.

Құрметпен, сенатор Еңсегенов».

Екінші депутаттық сауал да Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Қазақстанның транзиттік-көліктік қатынас түрінің мүмкіндігі мол бағытының бірі су көлігі, оның ажырамас бөлігі – кеме қатынасы.

Елімізде кеме қатынасы су жолдарының тізбесіне тоғыз теңіз, өзен мен су қоймасы бассейндері енгізілген. Оның ішінде Атырау облысына тікелей қатысты Жайық-Каспий каналы, Жайық өзенінің қазақстандық бөлігі және Қиғаш өзенінің учаскесі де бар.

Ел экономикасы үшін Жайық-Каспий каналы ерекше маңызға ие. Ол Жайық өзені мен Каспий теңізін қосатын, сондай-ақ Ресей ішкі су жолдары желілері арқылы Қара және Балтық теңіздері порттарымен қатынасты қамтамасыз ететін маңызды көліктік жол болып табылады.

Теңіз және Қашаған кен орындарын игеру, Атырау мұнай өңдеу зауытын қайта жарақтандыру сияқты аса маңызды ірі инвестициялық жобаларды іске асыру кезіндегі қажетті қондырғылар мен құралдар осы канал арқылы жеткізілді.

Алдағы кезеңде еліміз үшін өте қажетті мұнай-газ, химия саласындағы жобаларды іске асыру кезінде Еуропа, Қытай мен Оңтүстік Кореядан келетін жүктерді тасымалдауда Жайық-Каспий каналын белсенді пайдалану көзделіп отыр.

Еуропадан Нұр-Сұлтан қаласына жеткізілетін жалпы салмағы 334 тонна болатын 15 бірлік «Вестас» жел құбырларын Атырау порты арқылы тасымалдау жоспарлануда.

Бұл канал балық шаруашылығын дамыту үшін де аса маңызды орын алады. Бірақ су қоймасының таяздауы өзен түбіндегі бедерінің өзгеруіне және канал арнасының күрт лайлануына әкеп соқтырды.

Жайық өзенінің суы мен гидрологиялық жайына Қазақстан Республикасының Президенті Тоқаев көңіл бөліп, Үкіметке суды көбейту және гидрологиялық режимін жақсарту жөнінде арнайы тапсырма берді.

Осы тапсырманың аясында және Жайық-Каспий су көлігі жолын қалпына келтіру мақсатында қысқа мерзімде шаралар кешенін қабылдаған дұрыс.

Бірінші кезекте 2003 жылы әзірленген «Жайық-Каспий каналын қайта жөндеу» жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін қайта қарау қажеттілігі туындауда.

Сонымен бірге сапалы түбін тереңдету жұмыстарын жүргізу үшін толыққанды түбін тереңдету флоты қажет.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес ішкі су жолдарының кеме қатынай алатын жағдайда болуын қаматамасыз ету, оны күтіп ұстау уәкілетті орган мен оның кәсіпорындарына жүктелген.

Бірақ «Қазақстан су жолдары» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының толық жабдықталған флотының болмауы бұл жұмысты сапалы жүргізуге мүмкіндік бермейді.

Осыған байланысты жауапты мемлекеттік органдарға келесі мәселелерді пысықтауды тапсыруыңызды сұраймын:

ағымдағы жылдың соңына дейін Жайық-Каспий каналының кеме қатынасы жұмыс жағдайын қалпына келтіру үшін жаңа техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу;

қалпына келтіру түбін тереңдету жұмыстарын жүргізу және одан әрі жыл сайын каналда кепілді тереңдікті ұстау үшін қажетті түбін тереңдету флотын қалыптастыру.

Жоғарыда аталған мәселелердің шешімі Атырау облысы және батыс аймағы, сондай-ақ жалпы республика экономикасы үшін стратегиялық маңызды су жолының бүгінін және болашағын жақсартуға мүмкіндік береді.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 27-бабына сәйкес депутаттық сауалды қарау нәтижесі туралы заңмен белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді өтінемін.

Құрметпен, депутат Еңсегенов».

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Сәрсенбай Құрманұлы. Үкімет жұмыс істесін, демалыс жоқ оларға, тағы екі сауал жіберіп жатырмыз.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды.

Бүгін IV сессиядағы Сенаттың қорытынды отырысын өткіздік.

Біз барша халқымызбен бірге Қазақстан мемлекеті үшін аса жауапты әрі тарихи оқиғалардың, тағдырлы шешімдердің куәсі болдық.

Сессия барысында Сенаттың ауқымды жұмысы қарқынды әрі нәтижелі болды. Осы кезеңде 83 маңызды заң жобасы жан-жақты пысықталып, қабылданды.

Қабылданған заңдар мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелерін орындауға, экономиканың жекелеген секторларындағы жағдайды жақсартуға бағытталды.

Елбасының «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауын іске асыруды заңнамалық қамтамасыз ету Сенаттың күн тәртібінің негізгі бағыты болды.

Ағымдағы сессияда сенаторлар Үкіметке жүзден астам депутаттық сауал жолдады. Өткір сауалдар арқылы елімізде шешімін таппай жүрген мәселелерге тиісті мемлекеттік органдардың назарын аударып, оларды шешу жолдарын көрсете білді. Қажет болса, сауалға жауап беретін лауазымды адамды Сенатқа шақырып, пікір алмасатын боламыз болашақта.

Осы сессия барысында депутаттар екі рет өңірлерде болып қайтты. Тұрақты комитеттер аймақтарда бірқатар көшпелі отырыс өткізді. Жалпы, мемлекеттік бағдарламалар мен Парламент қабылдаған заңдардың орындалуы ұдайы депутаттардың бақылауында болды.

Сенатта мәслихат хатшыларымен арнайы кездесу ұйымдастырылды. Алдағы уақытта жергілікті өзін-өзі басқаруды жетілдіру мен өңірлік дамудың өзекті мәселелері бойынша тұрақты жұмыс жүргізілетін болады.

Сонымен қатар Сенаттағы «Өңір» депутаттық тобының белсенді жұмысын атап өткен жөн.

Өріптестеріміздің ұсынысы бойынша жаңа консультативтік-кеңесші орган – Бюджет заңнамасын жетілдіру жөніндегі кеңес құрылды. Кеңесте бюджет қаражатын тиімсіз пайдаланғаны үшін жауапкершілікті күшейтуге, Есеп комитетінің рөлін нығайтуға қатысты бірқатар ұсыныстар айтылды. Біз осы бағыттағы жұмысты күзгі сессияда белсенді түрде жалғастыратын боламыз.

Сонымен бірге Сенаттың жанында заң шығару процесін жетілдіру бойынша кеңес құрылды. Күзде осы мәселеге арналған парламенттік тыңдау жоспарланып отыр.

Жалпы осы сессияда Сенаттың тұрақты комитеттері өткізген арнайы кездесулерде қабылданған ұсынымдардың орындалуы сенаторлардың тұрақты бақылауында болатынын ескертемін.

Әлемдік тәртіп тұрақсыздана түскен жағдайда еліміздің сындарлы көпвекторлы сыртқы саясатын іске асыруда парламенттік дипломатияның алатын орны ерекше. Сенаторлар халықаралық парламенттік ұйымдардың жұмысына тұрақты және белсенді түрде қатысып келеді.

Құрметті депутаттар! Жалпы алғанда, мемлекеттің қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық өмірінің жаңа кезеңін заңнамалық қамтамасыз ету бойынша тыңғылықты жұмыс атқарылды деп айта аламыз.

Осы ретте баршаңызға белсенді әрі нәтижелі қызметтеріңіз үшін ризашылығымызды білдіреміз.

Құрметті сенаторлар! 9 маусымда Қазақстанда Президент сайлауы өтті. Сайлауда Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айқын жеңіске жетті. Тоқаевтың үш басты қағидаға негізделген – Елбасы саясатының сабақтастығы, Әділеттілік және Өрлеу бағдарламасына халық қолдау көрсетті. Бұл тарихи масштабтағы оқиға. Ол біздің еліміздің экономикасына, саяси жүйесіне және қоғамдық қатынастар дамуының жаңа кезеңдеріне жол ашады.

Президент Тоқаев: «Біздің мемлекеттік биліктің формуласы: мықты, өкілетті Президент, ықпалды, қабілетті Парламент, халыққа есеп беретін Үкімет» деген сөздерді айтты. Біз Президенттің «ықпалды Парламент» пен «халық алдында есеп беретін Үкімет» деген сөздерін іс-әрекет жасау жөніндегі нұсқаулық деп түсінеміз.

Қасым-Жомарт Кемелұлы қызметке кірісу рәсімінде сөйлеген сөзінде өзі жүргізетін саясаттың он бағытын тұжырымдады. Бұл бағыттардың әрқайсысы Парламенттің мазмұнды қызметтер атқаруы қажеттігін білдіреді.

Біздің қызметтік тұрғыдағы көзқарасымыз нені білдіреді?

Біріншіден, Президент Тоқаевтың тапсырмаларын ескере отырып, 2019 жылға арналған Сенаттың жұмыс жоспарын түзету, қажет болса, заң жобаларын әзірлеу мен қабылдауға бастамашылық жасау.

Екіншіден, заңдардың орындалуын қадағалау үшін Үкімет мүшелерінің өз қызметі туралы есептерін тыңдау рәсімдерін толық көлемде пайдалану, өзекті және резонанстық мәселелер бойынша парламенттік тыңдауларды жиі өткізу.

Үшіншіден, аймақтармен жүйелі негізде маңызды мәселелер бойынша жұмыс жүргізу қажет. Сенаторларға аймақтарды аралап, жергілікті мәслихаттармен және қоғамдық ұйымдармен жұмыс жасауды жоспарлау керек.

Төртіншіден, біз Сенаттың қызметін барынша жария және ашық түрде жүзеге асыруға ниеттіміз. Бұл жұмыс қазірдің өзінде жүргізіліп жатыр. Сенаттың веб-сайты жаңартылды. Күзден бастап Парламенттің жоғары Палатасының заңнамалық және жұмыс материалдары қолжетімді болады. Конференциялар мен дөңгелек үстелдерді өткізуді арттыру қажет.

Бесіншіден, қабылданған заңдардың сапасын арттыру үшін Сенатта ауқымды сарапшылар пулын құруды көздеп отырмыз. Заңдарды талқылау, қабылдау кезінде ғылыми қоғамдастықтың, жастар мен гендерлік ұйымдардың, еріктілер қозғалыстарының, үкіметтік емес ұйымдардың және кәсіпкерлердің пікірлері ескерілуі керек.

Бюро шешімімен Сенат жанындағы парламентаризмді дамыту жөніндегі кеңес құрылды. Оған бұрынғы және қазіргі сенаторларды, көрнекті саяси және мемлекет қайраткерлерін шақырамыз. Біз олармен, яғни білімі мен тәжірибесі мол азаматтармен байланысты үзбеуіміз қажет.

Маусым айының басында Сенатта сөйлеген сөзінде біздің Құрметті Сенатор Елбасы: «Біз бәріміз бір миссияны – елдің игілігі үшін қызмет етуді жүзеге асырып жүрміз» деді. Біздің Құрметті Сенатормен кездесуге, кеңес алуға және Палата отырыстарына қатысуға шақыруға мүмкіндігіміз бар. Біз үшін бұл үлкен құрмет пен жауапкершілік.

Уважаемые сенаторы! 9 июня в Казахстане состоялись выборы Президента страны. Убедительную победу на выборах одержал Касым-Жомарт Кемелевич Токаев. Народ поддержал программу Токаева, основанную на трех главных принципах – преемственности политики Елбасы, справедливости и прогрессе. Это событие исторического масштаба. Оно открывает новую страницу в развитии нашей страны, ее экономики, политической системы, общественных отношений.

Президент Тоқаев сказал: «Наша формула государственной власти: сильный, полномочный Президент – влиятельный, дееспособный Парламент – подотчетное народу



Правительство». Мы понимаем слова Президента о влиятельном Парламенте и подотчетном Правительстве как прямое руководство к действию.

В своем выступлении на церемонии вступления в должность Касым-Жомарт Кемелевич сформулировал десять направлений своей политики. Каждое из этих направлений предполагает большую, содержательную работу Парламента страны. Что это означает для всех нас с точки зрения нашей работы?

Первое. Скорректировать План работы Сената на 2019 год, исходя из задач, сформулированных Президентом Токаевым. При необходимости инициировать разработку и принятие законопроектов.

Второе. Для контроля исполнения законов в полной мере использовать процедуры заслушивания отчетов членов Правительства по вопросам их деятельности и проведения парламентских слушаний по актуальным и резонансным вопросам.

Третье. Необходимо поставить работу с регионами по ключевым вопросам на системную основу. Должен быть сформирован план поездок сенаторов по регионам и их работы с маслихатами и общественными организациями. Мы об этом хорошо поговорили на Бюро. Я уверена, что члены Бюро донесли до членов своих комитетов.

Четвертое. Мы намерены сделать деятельность Сената максимально публичной и открытой. Эта работа уже ведется. Обновлен сайт Сената. С осени будет открыт доступ к законодательным и рабочим материалам Сената Парламента.

Необходимо увеличить проведение конференций и круглых столов, тем более что актуальных тем для обсуждения немало, с каждым днем их становится все больше.

Пятое. В целях улучшения качества принимаемых законов мы намерены создать в Сенате широкий экспертный пул. Мнение научного сообщества, молодежных и гендерных организаций, представителей волонтерских движений, некоммерческих организаций и предпринимателей должно учитываться при обсуждении и принятии законов.

Решением Бюро образован Совет сенаторов, в который мы приглашаем бывших и действующих сенаторов и видных государственных и политических деятелей. Мы не должны терять связь с ними, людьми, обладающими огромными знаниями и опытом.

В начале июня в своем выступлении здесь, в Сенате, наш Почетный Сенатор Елбасы сказал: «Все мы выполняем одну миссию – работать на благо страны». У нас есть уникальная возможность встречаться и консультироваться с нашим Почетным Сенатором, приглашать на заседания Палаты. Для нас это большая честь и ответственность.

Сессияның жұмысы аяқталғанмен депутаттардың қызметі жалғасатын болады.

Жазғы парламенттік каникул кезеңінде сіздер өңірлерде жергілікті тұрғындармен кездесіп, жаңа ой-пікірлер, сындарлы ұсыныстар жинақтайды деп санаймын.

Сөзімді қорытындылай келе әріптестеріме, Үкімет мүшелеріне, Аппарат қызметкерлеріне, баспасөз өкілдеріне бірлесіп атқарған жұмыстары үшін тағы да шынайы алғысымды білдіремін.

Сондай-ақ Үкіметтің Парламенттегі өкілі Талғат Есенәліұлы Сәрсенбаевтың жұмысының ауысуына байланысты оған Парламент пен Үкіметтің өзара байланысын жақсы қамтамасыз еткені үшін ризашылығымызды білдіріп, жаңа жауапты қызметті абыроймен атқаруына тілектестігімізді білдіреміз.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, Сенаттың бір топ депутаттары ТМД Парламентаралық Ассамблеясының жоғары марапаттарына ие болды.

Енді қалыптасқан дәстүр бойынша осы наградаларды тапсыруға рұқсат етіңіздер.

ОСПАНБЕКОВ Ә.Қ. «Постановлением Межпарламентской Ассамблеи Содружества Независимых Государств за активное участие в деятельности Межпарламентской Ассамблеи, вклад в укрепление дружбы между народами государств – участников Содружества Независимых Государств Орденом «Содружество» награждаются:

Заместитель Председателя Сената Бекназаров Бектас Абдыханович.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ОСПАНБЕКОВ Ә.Қ. Председатель Комитета по финансам и бюджету Перепечина Ольга Валентиновна.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ОСПАНБЕКОВ Ә.Қ. Медалью «За укрепление парламентского сотрудничества» награждаются:

Депутат Сената Парламента Жумагулов Бакытжан Турсынович.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ОСПАНБЕКОВ Ә.Қ. Депутат Сената Парламента Мусабаев Талгат Амангельдиевич.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ОСПАНБЕКОВ Ә.Қ. Почетной грамотой награждаются:

Депутат Сената Парламента Айтпаева Сауле Муханбедиановна.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ОСПАНБЕКОВ Ә.Қ. Депутат Сената Парламента Джумагазиев Мухтар Сабирович.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ОСПАНБЕКОВ Ә.Қ. Депутат Сената Парламента Нукетаева Динар Жусупалиевна.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ОСПАНБЕКОВ Ә.Қ. Председатель Совета Межпарламентской Ассамблеи  
Валентина Матвиенко, Санкт-Петербург».

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ  
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

Д. НАЗАРБАЕВА

**МАЗМҰНЫ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ**

**СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**

**2019 жылғы 4 шілде**

**Күн тәртібі бойынша**

О повестке дня ..... 1

**Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаты А.Ж. Қапбарованың ант беруі туралы**

О принесении присяги депутатом Сената Парламента Республики Казахстан Капбаровой А.Ж

**Сөз сөйлеген:**

Выступила:

ҚАПБАРОВА А.Ж. .... 1

**Сенат депутаты А.Ж. Қапбарованы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты тұрақты комитетінің құрамына сайлау туралы**

Об избрании депутата Сената Капбаровой А.Ж. в состав постоянного комитета Сената Парламента Республики Казахстан ..... 1

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «2019 – 2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде**

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Закон Республики Казахстан «О республиканском бюджете на 2019 – 2021 годы», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі**

**Р.Е. ДӘЛЕНОВТІҢ баяндамасы**

Доклад Министра национальной экономики Республики Казахстан ДАЛЕНОВА Р.Е. .... 2

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Ә.А. СМАЙЫЛОВТЫҢ баяндамасы**

Доклад Первого заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан – Министра финансов Республики Казахстан СМАЙЛОВА А.А. .... 3

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Е.А. ДОСАЕВТЫҢ баяндамасы**

Доклад Председателя Национального Банка Республики Казахстан ДОСАЕВА Е.А. .... 4

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:	
БЕКТҰРҒАНОВ С.Ш. ....	6
БЕКТАЕВ Ә.Ә. ....	7
ЕРМЕКБАЕВ Н.Б. – Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, Министр обороны Республики Казахстан .....	8
ЕРШОВ С.М. ....	8
ҚАСЫМБЕК Ж.М. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, Заместитель Премьер-Министра Республики Казахстан .....	8
ЕҢСЕГЕНОВ С.Қ. ....	11
САПАРБАЕВ Б.М. – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі, Министр труда и социальной защиты населения Республики Казахстан .....	11
НӨКЕТАЕВА Д.Ж. ....	12
САПАРБАЕВ Б.М. ....	12
ӘДІЛБЕКОВ Д.З. ....	13

**Қаржы және бюджет комитетінің төрайымы О.В. ПЕРЕПЕЧИНАНЫҢ  
қосымша баяндамасы**

Содоклад председателя Комитета по финансам и бюджету ПЕРЕПЕЧИНОЙ О.В. .... 15

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

ПЛОТНИКОВ С.В. ....	17
БЕКТҰРҒАНОВ С.Ш. ....	17
ЕҢСЕГЕНОВ С.Қ. ....	18


**Депутат С.Қ. ЕҢСЕГЕНОВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-  
Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалдары**

Депутатские запросы депутата ЕНСЕГЕНОВА С.К. к Премьер-Министру  
Республики Казахстан Мамину А.У. .... 19

**Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын Тәуелсіз  
Мемлекеттер Достастығы Парламентаралық Ассамблеясының наградаларымен  
марапаттау туралы**


О награждении депутатов Сената Парламента Республики Казахстан наградами  
Межпарламентской Ассамблеи Содружества Независимых Государств ..... 26

«Материалдық-техникалық  
қамтамасыз ету басқармасының  
инженерлік орталығы» РМК директоры



С. Теңбаев

Стенографиялау қызметінің  
жетекші редакторы



И.Шыныбаева